

Ұлы дала келбеті

# ЧЕХИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАЖАЙЫНДА АШЫЛҒАН

## «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» атты халықаралық көрме

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражай (ҚР МОМ) жұмысының негізгі бағыттарының бірі шет мемлекеттерде қазақтардың тарихы мен мәдениетін таныстыратын мұражай қорындағы коллекциялар негізінде көрмелер үйімдастыру болып табылады. Орталық мұражай әлемдегі жетекші мұражайлар және ғылыми мекемелермен бірлесе отырып көптеген ортақ жобаларды жүзеге асыруда сондай-ақ, АҚШ, Италия, Германия, Жапония, Корея, Франция елдерінде көрмелер үйімдастырды. 2018-2019 жылдары ҚР Мемлекеттік орталық мұражайы Қытай (Сиань қ.) және Түркия (Стамбул қ.), Мажарстан (Сазхаломатта қ.) және Чехия (Прага қ.) елдерінде көрмелер өткізді. Мұражай жұмысының атаптырыш бағыттары шетелге Қазақстанның тарихы мен мәдениетін дәріптеудің жолы болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде, Қазақстан Республикасы мен Чехия Республикасы арасындағы мәдени байланыстарды нығайту мақсатында, 2019 жылдың 17 қыркүйек күні Чехияның Ұлттық мұражайында (Прага қ.) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражай қор коллекциясының «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» атты көрме ашылды.

Көрмені ҚР Мемлекеттік орталық мұражай директоры Нұрсан Әлімбайдың бастасымен «Орталық Азия көшпелілерінің мәдени кеңістігіндегі адам, социум, жер» атты ғылыми конференция өтті. Конференцияға Лондон университеті (Ұлыбритания) Шығыс және Африка елдерін зерттеу Мектебінің профессоры Николас Симс-Уильямс, де Франце Колледжінің профессоры Франц Гренэ (Франция), Алтай Мемлекеттік университетінің профессоры Алексей Алексеевич Тишкин (Ресей), Пиза қ. Университетінің профессоры, доктор Пьер Джорджио Борбоне (Италия), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Александр Николаевич Подушкин сынды

Көрме аясынды Орталық мұражай директоры, профессор Нұрсан Әлімбайдың бастасымен «Орталық Азия көшпелілерінің мәдени кеңістігіндегі адам, социум, жер» атты ғылыми конференция өтті. Конференцияға Лондон университеті (Ұлыбритания) Шығыс және Африка елдерін зерттеу Мектебінің профессоры Николас Симс-Уильямс, де Франце Колледжінің профессоры Франц Гренэ (Франция), Алтай Мемлекеттік университетінің профессоры Алексей Алексеевич Тишкин (Ресей), Пиза қ. Университетінің профессоры, доктор Пьер Джорджио Борбоне (Италия), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Александр Николаевич Подушкин сынды





көптеген елдердің бірқатар ғалымдары, сонымен қатар мұражайдың ғылыми қызметкерлері қатысты.

Ұсынылған көрменің құрылымы «Ежелгі көшпелілер мәдениеті» және «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» атты өзара себеп-салдарлық байланыстағы екі бөлімнен тұрды.

Бірінші бөлімде көшпелі өркениетті қалыптастырған сақ, үйсін және қаңылардың жоғары даму деңгейіне жеткен бай мәдениетін көрсететін мәдени құндылықтар қойылып, таныстырылды. Олардың барлығы қола немесе алтыннан жасалған. Аталмыш бөлімде жазбалары («құлтөбе жазбасы» немесе «соғды жазбасы») сақталған қыш тақтайшалар ерекше орын алды.



«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» атты екінші бөлімге қазақ мәдениетінің бірегей символы болып саналатын - киіз үй орын алды. Бірегей архитектуралық үйлесім, ішкі жабдықтарының эстетикасы, пайдаланылатын заттардың қарапайымдылығы мен қолжетімділігі (киіз, ағаш, былғары және т.б.), жыл мезгіліне қарай қолайлығы, тез құрылып, қайта жиналуы киіз үйдің өмір сүрге өте қолайлы екендігін көрсетеді. Сонымен қатар дәстүрлі ортадағы киім-кешек үлгілері, зергерлік әшекей бүйімдар, кесте үлгілері мен тұрмыстық бүйімдар көрменің мазмұнын айшақтап, дәстүрлі қазақ мәдениетің өзіндік ерекшелігін көрсетіп, сан алуан тарихи-этнографиялық артефактілер арқылы қазақтың көшпелі тіршілік салтының интерактивті мұражайлыш образын берді.

Көрменің басты мақсаты Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің мәдениетінің сан қылы және бай екендігін көрсету, ғылым мен мәдениет саласында байланысты нығайту, мұражайдың насиҳаттаушылық ролін және географиялық қызмет аясын көңейтү. Аталмыш көрме экспозициясына 440 с.б. археологиялық артефакт қойылды.

Көрме Чехияның Ұлттық мұражайында 2019 жылдың 19 қарашасына дейін жалғасады.

**Бибігүл ДАНДЫҒАРАЕВА,**  
Директордың орынбасары